«Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтудан оқушылар арасындағы Қарағанды облыстық «Тұлпар мініп, ту алған» байқауының 2-ші кезеңіндегі қатысушыларға арналған сұрақтар мен олардың жауабы

10-сынып оқушыларына арналған сұрақтар

Қазақ әдебиеті пәні бойынша сұрақтар және олардың жауабы:

1. Абай Құнанбайұлы қай жылы, қай өңірде дүниеге келді? 1845 жылы, қазіргі Абай облысы Шыңғыс тауының өңірінде дүниеге келді.

2. Абай туғанда әкесі Құнанбай қанша жаста еді? 41-де болатын.

3. Абайдың анасының аты кім? Ұлжан.

4. Ұлжан Құнанбайдың нешінші әйелі және қалай қосылған? Ұлжан Құнанбайдың екінші әйелі. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық болған, інісі өмірден озған соң әмеңгерлік жолымен Құнанбай келінін алған.

5. Абай алғаш кімнен сауатын ашады? Ғабдұлжапар деген татар имамынан сауатын ашады.

6. Абай Семейде қай жерде оқыды? Ахмет Риза деген имамның медресесінде, сосын «Приходская школада» оқыды.

7. Абай барлығы қанша уақыт білім алды? Абай бар болғаны 3 жыл мұсылманша, 3 ай орысша оқыған.

8. Абай орыс тілін қалай үйренді? Абай жасы 30-дан асқанда бұрынғы азды-көпті білгенін есіне түсіріп, орыстың тілін жаттайды. Қалада жатып, азын-аулақ сөздерді меңгеріп, кітап оқуға кіріседі. Кейін Петербордан айдалып келген төңкерісшілдермен достасып, солардан тіл ұстартады. Сөйтіп, орыс тілін меңгере бастайды.

9. Абайдың ақындыққа ден қоюы қай кезден басталды? Бұрын бірді-екілі өлеңдер жазып жүрсе, 1886 жылдан ақындыққа шынымен бет бұрады.

10. Абай өлеңді неліктен сөздің патшасына теңеді? Адамзат ұғымында патша ең үлкен дәрежеде болғандықтан, ол айырықша құрметке ие. Сондықтан қоғамдық өмірдегі сөз өнерінің әлеуметтік мәніне қатысты өзгеше ой айтып, поэзияны өлең деген атаумен алып, «сөздің патшасы» деп санады.

11. Абайдың қарасөздерді жазуына не себеп болды? Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы адам болмысының бояуына пәлсапалық көзбен зер салған хакім адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттердің молынан болуын қалады. «... ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін... кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым...» дейді.

12. Абайдың қанша қарасөзі бар? 45.

13. Қарасөзде кейіпкер бар ма? Жоқ. Бұлар сюжетті шығармалар емес.

14. Қарасөз деген не? Көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден айырмасы – мұнда сөз ырғағы еркін келеді, өлең өлшемі, шумақ, тармақ

болмайды. Қазақта қара сөз ертегі, аңыз, әпсана, хикаят түрінде туған. Қазір роман, повесть, әңгіме, эссе түрінде дамып отыр.

15. Әдебиетшілдік тұрғыдан алғанда Абай қарасөздеріне қандай жанрлар тән? Публицистика және эссе табиғаты тән.

16. Эссе дегеніміз не? Философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық шығарма.

17. Әпсана деген не? Ерте замандағы оқиғаларға, пайғамбардың, тарихи тұлғалардың, әулие-әнбиелердің ғажайып істерін баяндайтын діни сюжеттерге негізделген фольклорлық проза жанры.

18. Өнер дегеніміз не? Көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

19. Өнердің қандай түрлері бар? Көркем әдебиет, музыка, мүсін, кескіндеме, театр, кино, би, сәулет өнері т.б. түрлері бар.

20. Өнер қандай құбылыс? Өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс.

21. Өнердің мақсаты не? Дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі.

22. Абайдың қандай поэмалары бар? «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» поэмалары бар.

23. Абай «Вадим» поэмасын қай автордың шығармасын негізге ала отырып жазды? М.Ю. Лермонтовтың «Вадим» деген аяқталмай қалған повесін негізге ала отырып, «Вадим» атты төртінші поэмасын жазды.

24. Абай поэмаларының арасынан ең елеулі, ең шоқтығы биігі қай поэмасы? «Ескендір» поэмасы.

25. Ескендір не себепті поэмаға арқау болған? Ескендір – Еуропада Александр Македонский деген атпен белгілі болған ірі қолбасшы. Ескендір шығысқа Зұлқарнайын деген атпен тараған. Ескендір жайында шығыс ақындарының көбі жырлаған. Ә. Фирдоусидің «Шах-нама», Низамидің «Ескендір-нама», Жәмидің «Ескендір даналығының кітабы», Науаидің «Ескендірдің қорғаны» дастандарында оның образын ардақтап көрсеткен. Зұлқарнайын хақында қасиетті Құран-Кәрімнің Кәһф сүресінің 83-97 аяттарында да баяндалады. Міне, оның мәшһүрлігінен поэмасына арқау етті. Зұлқарнайынның озбырлығын айта отырып, хакім әділет пен даналықты дәріптейді, ашкөздіктен сақ болуға үндейді.

26. Поэма деген не? Орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған не болуға тиісті күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр.

27. Абай қай аймақтарда болыс болды? Ең бірінші Күшік Тобықты, кейін Қоңыркөкше еліне, соңында Шыңғыс еліне болыс болды?

28. Абай қай жылы, қай жерде төбе би сайланды? 1885 жылы Қарамола жәрмеңкесінде бірнеше дуан (округ) елдің басын қосқан төтенше құрылтайда төбе би сайланды.

29. Жүсіпбек Аймауытұлы кім? Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі, қазақ проза жанрының негізін салған майталман жазушы, драматург, публицист, аудармашы, Алаш қайраткері.

30. Жүсіпбек Аймауытұлы қай жылы, қай өңірде туған? 1889 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызылтау» (қазіргі Жүсіпбек Аймауытұлы) ауылында туған.

31. Жүсіпбек Аймауытов қай жерде білім алды? 1907-1913 жылдары Баянауыл, Кереку мектептерінде білім алған. 1914-1919 жылдар аралығында Семей мұғалімдер семинариясында оқыған.

32. Жүсіпбек Аймауытов қандай жанрларға қалам тартқан? Поэзия мен прозаны қатар жазған.

33. Жүсіпбек Аймауытовтың қандай романдарын білесіз? «Қартқожа», «Ақбілек» романдары кеңінен танымал.

34. Жүсіпбек Аймауытовтың балаларға арналған шығармалары бар ма? «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты балаларға арналған кітаптары бар.

35. Қазақтың көрнекті жазушысы Беймбет Майлин Жүсіпбек Аймауытов туралы не деді? «Жүсіпбек Аймауытұлы сияқты шебер жазушыны бұрын-соңды көрмеппін» деп, сүйіне тамсанды.

36. Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларын кімдер зерттеді? Ж. Аймауытұлын зерттеу ХХ ғасырдың басындағы баспасөз беттері мен сол кезеңдегі мұрағат деректерінен бастау алады. Жазушы жайлы біршама мәліметтерді М. Әуезов, Қ. Кемеңгерұлы, Ғ. Тоғжанов, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасұлы т.б. замандас-қаламдастарының еңбектерінен және «Жас Қазақстан» мен «Әдебиет энциклопедиясынан» кездестіреміз. Бұл белгілі бір мөлшерде «Жүсіпбектану» ғылымының қалыптасу кезеңінен белгі береді.

37. Жүсіпбек Аймауытұлы жайында көрнекті ғалым Қайым Мұхамедханов қандай баға берді? «Жүсіпбек – көркем сөздің өрен жүйрік зергері. Ол – әрі ақын, әрі жазушы, журналист, публицист, сыншы, асқан шебер аудармашы және педагог-ағартушы» деп, жоғары баға берді.

38. «Қартқожа» романының прототипі кім? Романның бас кейіпкері – өмірде болған адам, оның прототипі – 1937 жылы зобаланда мерт болған Қартқожа есімді ауыл мұғалімі. Оның баласы – Төлеш Қартқожаұлы Тоғанбаев техника ғылымының кандидаты, Алматы қаласындағы Ауылшаруашылығы институтында ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарған.

39. «Күнікейдің жазығы» повесі қай жылы жарық көрді? 1928-1929 жылдары «Жаңа әдебиет» журналында жарық көрді.

40. «Күнікейдің жазығы» повесі несімен ерекшеленеді? Үлкен проза саласындағы қаламгердің тағы бір елеулі шығармасы «Күнікейдің жазығы» повесі, ол – қазақ прозасында ақ өлең үлгісінде жазылған. Шебер жазушы қара сөздің өзін өлеңше ұйқастырып, прозаға полифониялық сипат дарытқан.

41. Әдебиеттегі полифониялық сипат деген не? Қара сөздің өзін ырғаққа сап ұйқастырып, ақ өлең үлгісінде жазу әдебиеттегі полифониялық сипат деп аталады,

42. Жүсіпбек Аймауытұлының өмірі не себепті қысқа болды? 1929 жылы «Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар» деген сылтаумен тұтқындалып, 1931 жылы жазықсыз атылып кеткен.

43. Проза деген не? Әдеби жанр, қара сөзбен жазылған көркем шығарма (әңгіме, повесть, роман). Проза ауызша немесе жазбаша түрдегі «қара сөз» деген мағынаны береді.

44. Жүсіпбек Аймауытұлы қандай суреткер? Ол – қазақ әдебиетінде көркем прозада алғаш лиризм әкелген, сондай-ақ пейзаждың үздік үлгісін, психологизмнің терең иірімдерін тамыршыдай дәл басқан нәзік стилист суреткер.

45. Жүсіпбек Аймауытұлы Шымкент педагогикалық техникумында директор болып істеп жүргенінде қазақтың қандай біртуар тұлғаларына ұстаз болған? Бауыржан Момышұлы мен Әбділдә Тәжібаевтардың ұстазы болған. Мұны Бауыржан Момышұлы өз еңбектерінде бірнеше жазған.

46. Пейзаж деген не? Белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі.

47.Верлибр деген не? Дәстүрлі өлең түрлеріне бағынбайтын лирика жанры. Верлибрде буын сандары тең болмай, ұзынды-қысқалы болып келуі мүмкін, кейде бір сөздің өзі де бір қатарды аңдатады. Ақын өз пікірін еркін білдіру үшін верлибрді қолданады. Верлибр, негізінен, ХХ ғасырдағы еуропалық поэзияға тән болып келеді.

48. Тарихи шындық деген не? Өмір шындығының тарихи тақырыпқа айналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақты құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады.

49. Хамса («бестік», «бес» деген мағына береді) деген не? Шығыс әдебиетінде, соның ішінде түркітілдес халықтар әдебиетінде ертеден орныққан дәстүр бойынша бір-бірімен жалғас, сабақтас жазылатын бес туынды.

50. Диалог деген не? Екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті. Егер сөйлеушілер екеуден көп болса, онда полилог деп аталады. Монологтан айырмашылығы – диалогте сөйлеумен қатар тыңдау механизмдері қатар жүретіндігінде.

Сұрақтар мен олардың жауабы жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған Қазақ әдебиеті оқулығы («Арман-ПВ» баспасы, 2019) бойынша әзірленді.

«Бөгенбай батыр» жыры бойынша әзірленген сұрақтар және олардың жауабы

1. Жырдың басында айтылатын Шынар деген кім еді? Кезінде Бөгенбай батыр басын алған қалмақ ханы.

2. Қаранай деген кім? Қаранай қалмақтың ханы, Бөгенбай батыр әкесі Шынардың басын кескенде тағыз жастағы бала екен, қалмақ ханының жалғыз ұлы.

3. Қаранайдың қазақ даласына келе жатқандағы мақсаты не? «Қазақтан кек алам. Әкемді өлтірген Бөгенбайдың басын шапсам, көңілімде арман қалмас еді. «Маянбайлап» ұрандаған даусы әлі құлағымда» дейді.

4. Бөгенбай батырды іздеп келе жатқан Қаранайдың қоластында қанша әскері бар? Он тоғыз мың әскері бар.

5. Қаранай қай жақтан Арқаға беттеп келеді? Барқытбелден бері асып түсіп, жолындағысын топалаң тигендей жасап, жүрген жеріне ойран салып келеді.

6. Қалмақ ханы Қаранай жер қайысқан қолмен Арқаға келе жатқанда Бөгенбай батырдың көрген түсі қандай? «Бір дария көрдім. Бір тұсынан шалқытқан от жанады. Су үстінде қара төбет арсылдайды. Су отты сөндіре алмайды, от суға залал келтіре алмайды. Су бетіндегі қара төбет бірде ұлып, бірде арс-арс етеді» дейді.

7. Көрген түсіне алаңдаған Бөгенбай батыр кімді шақырады? Сарыбай батырды шақырады.

8. Бөгенбай батыр Сарыбайды шақырып ап не дейді? «Заманым өтіп, қартайған шағымда мені аңдыған бір жау кәпір бар екен. Жар салып еліңді жи, қаруыңды түзе. Бір жағымда жанған от, бір жағымда дария, от шарпуы дарияға жетпейді, толқыған теңіз шалқыған отқа ілікпейді. Дария үстінде арпылдаған бір қара ит бар» дейді.

9. Сарыбайға қол жи дегеннен соң қанша күннен кейін Бөгенбайға хабаршы келді? Бес күнен кейін хабаршы келді.

10. Жаушы Бөгенбай батырға қандай хабар әкелді? «Жер қайысқан қолы бар Қаранай хан келе жатыр. Аузында «Бөгенбай» деген сөз, арп-арп етеді. Сізден қайрат табылмаса, бәрімізді қан-жын ғып кететін түрі бар» деді.

11. Сарыбай қалмақ ханы Қаранайға қарсы қанша мың қол жиды? Он мың.

12. Сарыбай батыр Әбілмәмбет ханға не деп кісі салды? Саған да керек болатын күнім туады, мына келген қалмақ қарды бірге тойтарайық» дейді.

13. Қазақ даласына келген Қаранай не деп жар салды? «Әкемнің қырық тоғыз жасында басын алған Бөгенбай. Мен онда тоғыз жасар жалаңаяқ бала едім. Бөгенбайды қолыма тірі беріңдер, қазағым, сонда өлімнен құтыласың. Болмаса, түгел қырып көздеріңді жоямын, қызыңды – қатын, ұлыңды жетім етемін» дейді.

14. Қалмақ ханы Қаранайдың шартына Сарыбай не деді? «Біз сенің айтқаныңа көнбейміз! Қорыққаннан кісі ұстап бере алмаймыз. Тұрысамыз! Күніңді айт, Қаранай!» дейді.

15. Қалмақ пен қазақ арасындағы соғыс неден, қалай басталатын болды? Жекпе-жектен басталатын болды.

16. Жырда қалмақ ханы Қаранай қалай суреттеледі? «Басында дулығасы мұнарадай, кәпірдің денесі бір адамнан артық екен – жуан кеуде. Астында қара тұлпар» деп кескінделеді.

17. Қазақ тарапынан Қаранайға қарсы алғаш жекпе-жекке кім шығады? Тұманбек батыр.

18. Қалмақ ханы Қаранай мен Тұманбек батыр жекпе-жегінде әуелгі найза сілтейтін кезекті кім алады? Қаранай.

19. Қалмақ ханы Қаранай мен Тұманбек батыр жекпе-жегінде кім жеңеді? Қаранай.

20. Қаранайға қарсы екінші боп жекпе-жекке шығатын кім? Бексұлтан батыр.

21. Бексұлтан батыр Қаранайға қарсы жекпе-жекке кімнің атына міниіп шығады? Ақанайдың ала атына міниіп шығады?

22. Қалмақ ханы Қаранай мен Бексұлтан батыр жекпе-жегінде әуелгі найза сілтейтін кезекті кім алады? Қаранай.

23. Қалмақ ханы Қаранай мен Бексұлтан батыр жекпе-жегінде кім жеңеді? Бексұлтан батыр.

24. Жекпе-жекте жеңіліп, жер құшқан қалмақ ханы Қаранайдың сүйегін кім басып қалды? Артынан даяр тұрған Ақай бала Қаранайдың сүйегін қалмаққа бермей басып қалды.

25. Майдандағы аттан ауған батырдың сүйегін бермей алып кету нені білдіреді? Батырлықты, ерлікті әрі соққы үстіне соққы боп тиетін келемежді білдіреді.

26. Қалмақтар сол қашқаннан қашып, қайда барып тығылды? Барқытбелден ары асып, еліне барып тығылды.

27. Қаранай бастап келген майданда қалмақтар қай жерде қатты қырылды? Желдіөзектің бойында қалмақтар көп қырғын тапты.

28. Қаранай бастап келген майданда Желдіөзектің бойында қалмақтар шамамен қанша қырылды? Бір мың үш жүздей қалмақ қырылды.

29. Қаранай бастап келген жауды індетіп, батырлар қалмақтарды қуып кеткенде Бөгенбай батыр қанша күн көз ілмеді? Он сегіз күн көз ілмеді. Сосын ақыр «соғыстың не болғанын көремін» деп, қосқа өзі аттанып кетті.

30. Қалмақ ханы Қаранай майданынан кейін ел басына қандай зауал туды? Ел қайта екі жылдай бейбіт тұрмыс кешті, алайда қуаңшылық орын алып, жұт келіп қалды.

31. Бөгенбайдың қысы-жазы қос басында жылқысын қарайтын құлының аты кім? Бектұр.

32. Бектұр Бөгенбай батырға қос басынан қандай хабар әкелді? «Мал да, жан да су таппай шаңырқап жатыр. Мал ары-бері саулап, басын жерге салмайды. Ол жерде енді малдың аялдауына жай жоқ» деді.

33. Жұт келе жатқанын білген Бөгенбай батыр кімді шақырды? Сарыбайды.

34. Бөгенбай батыр жұтқа байланысты Сарыбайға нені табыстады? «Қанжығалыны түгел жинап, қосты баста. Ерте бастан қамданбасаңдар тігерге тұяқ қалмайды. Жиырма бес жыл үйірге салған көкжал айғырым бар еді, соны барып байқаста. Сосын маған хабар бер» деді.

35. Сарыбай мен Бексұлтан қосқа келгенде көкжал айғыр қандай әрекет көрсетті? Екеуін көргенде оқыранды. Сауыры айғыз-айғыз тер екен, өзі жарап алған. Кеш бата жылқыдан шыға қашып, таң ата қайтып оралды.

36. Көкжал айғырдың харакетінен хабар алған Бөгенбай батыр қандай шешім қабылдады? Елін жиып, жылқыны жайлы жаққа аттандыруды ұйғарды. Сөйтіп Егіздің батырлары ерге қонды. Мұны аңдап көкжал желдеп жүріп кетті. Соңынан бүкіл жылқы ілесті. Бөгенбай өзі азаматтарға батасын беріп, «хош» деп кері қайтты.

37. Қоныс іздеп, Сарыбай бастаған жылқы қосынымен қанша жігіт аттанды? Жүз он бес жігіт аттанды.

38. Көкжал айғыр тоқтамай қанша күн жүрді? Қырық бес күн жүрді.

39. Қанжығалы елінің жылқысы қанша еді? Елу мың.

40. Бөгенбай батырдың өзіне тиесілі жылқысы қанша болды? Он сегіз мың.

41. Көкжал айғыр қоныс іздеген Егіздің батырларын қандай жерге әкеп, тоқтады? Ащылы қолат, кең салаға әкеп тоқтады. Байқаса, қыс болатын жер емес екен.

42. Қанжығалылар қоныс іздеп келген бұл аймақ қай елге қарасты өңір? Он екі абаққа қарасты жер.

43. Абақ елінің билеушісі кім? Сәдір төре.

44. Абақ елінің биінің аты кім? Құнан.

45. Қыстауында жатқан мыңғырған жылқыны көрген Сәдір төре қайтті? Қалың жылқыны шаппақ боп, Құнан биге барып ақылдасты.

46. Тау-тасты қаптап кеткен қалың жылқыны абаққа талатпақ боп ұйғарған Сәдір төре Құнан биге не деді? «Бір қалың олжа мал келіпті. Қалайша жұртыма бөтен жылқы бақтырамын? Сұраусыз баса-көктегені бұл не деген көргенсіздігі! Байқасам, жүз-ақ жігіт, шауып аламын» дейді.

47. Қонысына қаптаған бөтен жылқыны талатпақ Сәдір төреге Құнан би не деп жауап қайырды? «Өз бойына сенбесе, шетке шықпайды. Меніңше, бұлар кіл батырлар. Келген қонақты шабуды мақұл демеймін. Бұлар не жаудан, не жұттан қашып келді. Залал қылма» дейді.

48. Сарыбай Сәдір төрені іздеп қайда келді? Сәдір төрені іздеп Құнан би ауылына келді.

49. Сәдір мен Құнан биге сәлем беріп, Сарыбай нені мағұлым етті? «Шетқұрай, Көксу, Қияқ деген жерді мекен еткен Миянбай атаның балалары Бөгенбай батыр ауылынанбыз. Жеріміз мал тоқтамайтын жұт боп қалды» деді.

50. Бөгенбай батырдың атын естігенде Құнан би не деп жауап береді? «Бөгенбай батырдың көзі тірі ме, отыз жыл болды көрмегелі, – деп, көзіне жас алады. – Қазаққа олжа салған қайран Бөгенбай, екі жыл жанында жүріп жолдас болдым. Бөгеннің ерлігіне ерген қазақ, малы түгіл басын да пида еткен. Қарағым, жылқыңды қалай жайсаң, солай жай» дейді.

51. Бектұр құл абақ елінде қалай жүрді? Астына мінгені торы жорға ат, үстіне кигені атлас, өңкей торқа. Абақтың ауылы қонақ қылса, атынан әзер түседі.

52. Абақ елі Бектұр құл туралы сыртынан не деп тон пішті? «Бөгенбай батырдың жанындай көретін жалғыз ұлы. Осының бәрі мұның малы» деп, сөз етті.

53. Сарыбай Сәдір төреге не үшін кектенді? «Өзі келген олжа жылқыны шабамын» деп, кесім жасағаны үшін кектенді.

54. Өзі келген олжа жылқыны шаппақ болған Сәдір төренің әрекетіне өштескен Сарыбай қандай қиянатқа барды? Сәдір төренің жалғыз қызы Қадишаны Бектұрға айттырып, Құнан биді бас етіп, кісі жіберді. Яғни, төре затынан құлға қыз эперді.

55. Сәдір төре қызын сұрап келген Құнан би бастаған жұртқа келіскен себебі не? Біріншіден, Құнан бидің өзі келіп тұр, екіншіден, Бектұрды Бөгенбайдың ұлы екен деп ойлап, көнбеске лажы қалмады.

56. Сарыбай Бектұрға айттырған Қадиша қыздың қалыңына қанша мал берді? Мың жылқы берді.

57. Төре қызы Қадиша қандай күйде жүрді? «Бөгенбай батырдың ұлы болса, келер» деп, күйеуден дәме етіп, күтіп жүрді. Бірақ күйеудің «құл» дегенін естіп, екі елді араздастырмай басқа салғанға көнді.

58. Сол жылы Абақ қыстауында Бөгенбайдың қанша биесі құлындады. Он мың бие құлындады.

59. Жылқысының алдынан шыққан Бөгенбай батыр малының аздығын қалай білді? Мөлшер сайға жылқыны үйіріп жібергенде толмай қалыпты, бірден көкжал айғырды іздеп, таппаған.

60. Бөгенбай батыр «көкжал айғыр қайда?» дегенде, Сарыбай не деп жауап береді? Бектұрға қыз айттырғанын, қалыңға бергенін жеткізеді.

61. Он екі абақтың төресі Сәдір қызын құлға бергенін естігенде Бөгенбай батыр Сарыбайға не дейді? «Маянбайдың немересі дегеннен соң, әкемнің аруағына берген екен. Екіншідей мұндай әрекетке барма, шырағым, бүйте берсең ар кетеді» дейді.

62. Сәдір төренің қызы Қадишаның қандай құсы болды? Адамша сөйлейтін, хабар тасушы тоты құсы болды.

63. Қадиша тотысын жіберіп, Сарыбайдан қандай хабар алдырды? «Бектұрдан өзге бәріміз бір кісінің баласымыз, иеңе айта бар, қайсына жіп тақса, соған барсын» дейді.

64. Ақылды қыз Қадиша қандай ұйғарымға тоқтайды? «Үйде бір Бөген деген қария бар деп, соның тірі отырған аруағы үшін барайын» деп, шешеді.

65. Қадиша қыздың жасауы қанша көлемде болды? Он отау және жүз түйеге артып, жасау берді.

66. Тиетін күйеуі жоқ Қадиша келіні келгенде абдыраған Бөгенбай батыр құдағиына не дейді? «Шекті елінде апамнан туған бір бала бар, қызыңызға сол жиенім лайық» дейді.

67. Бала етіп алам деп, апасының баласын сұрап, Бөгенбай батыр кімге келді? Шектіден шыққан жездесі Ақшалға келді.

68. Ақшал жездесі Бөгенбайға кім деген баласын берді? Ақым деген жиырма жасар ұлын берді.

69. Бөгенбай Ақымды ертіп, ауылына аттанғанда соңдарынан кім қуып жетіп, қандай сөз айтады? Торы жорға ат мінген сұлу қыз қуып жетіп, Ақымға қарата «Екеуміздің байласқан сөзіміз бар емес пе еді, мен жау қалмаққа аттанғаныңнан бері үш жыл күтіп жүрмін, аламын дегенің қайда?» дейді.

70. Бөгенбай батыр Ақымның соңынан қуып келген қыздың уәжіне қандай сөз қайтарады? «Балам, әуелі мына ұлды еліме апарайын, сосын қайтып кеп, құдандаласып, өзіңді әкетеміз» дейді.

71. Ақымның соңынан қуып келген қыз жайында естігенде Сәдір төренің қызы Қадиша Бөгенбай батырға не дейді? «Бейшара, о да мендей қыз емес пе? Не қылса да сол қызды әкеліңдер, үш-төрттен қатын алу атамыздың мұрасы, мен разымын, тойымызды бірге қылсын» дейді.

72. Сәдір төренің қызы Қадишаның «тойымызды бірге қылсын» деген сөзін естіген Бөгенбай батыр не дейді? Бөгенбай батыр Қадишаға батасын екі-үш қайтара беріп, разы болады.

73. Жырдағы кездесетін Зейнеп, Қаншайым, Қадиша арулардың болмыс-бейнесі қандай кейіпте суреттелген? Зейнеп айлакер, Қаншайым өжет әрі күрескер, Қадиша сабырлы да ақылды кейіпте суреттеледі.

74. Жырда бастан аяқ жүретін кейіпкер кім? Сарыбай.

75. Жырды шартты түрде қанша бөлімге бөлуге болады? Төрт бөлімге бөлуге болады. Бірінші – Сарыбай мен Зейнеп, екінші – Тыныбек пен Қаншайым, үшінші – қанжығалылар мен қалмақ ханы Қаранайдың шайқасы, төртінші – Қадиша қыз бен Бөгенбай батырдың амалы сияқты оқиға желісінен құралған.

Сұрақтар мен олардың жауабы М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұсынған «Бөгенбай батыр» жырының Тастыбай Жағыпарұлы нұсқасы бойынша әзірленді.

Ескерту: Байқаудың II-кезеңіне қатысушыларға арналған сұрақтар жалпы білім беретін мектепке арналған бағдарламаға сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленді.

Байқау барысында төменгі сыныптың сауалдары жоғарғы сыныптарға қойылуы мүмкін, ал жоғарғы сыныпқа арналған сауалдар төменгі сынып оқушыларына қойылмайды.